Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті
Педагогикалық факультетте қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып емтихандар өткізу туралы

НҰСҚАУЛЫҚ

1. Тестілеуді өткізу тәртібі

Емтихан https://wkitu-test.tk автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде тестілеу түрінде өткізіледі.

Емтихан 50 минутқа созылады және 20 сұрақтан тұрады, олар білім алушыға автоматтандырылған режимде ұсынылады. Тестілеу кезінде монитордың экранында тек бір тест тапсырмасы болады.

Әрбір білім алушының тестілеуден тек бір рет өтуге ғана құқығы бар. 50 минут өткеннен кейін компьютерлік бағдарлама тестілеу рәсімін автоматты түрде аяқтайды және монитордың экранына қорытынды нәтижесін беріледі.

Білім алушы тестілеуден өту үшін:

1. Google Chrome браузері арқылы https://wkitu-test.tk сілтемесі бойынша кіреді;
2. Ашылған терезеге білім алушы өзінің логин-паролін енгізеді;
3. Тесттер тізімінен тестті таңдап, оң жағындағы батырманы басу арқылы бастайды;



4. 20 сұраққа 50 минут ішінде жауап береді;
   ЕСКЕРТУ! Басқа браузерлерге немесе қосымшаларға ауыспаңыз, бұл әрекет қатаң тексеріледі, ескерту көрсетіледі!
5. Тест аяқталғаннан кейін жинаған балыңыз көрсетіледі және қателеріңізді де көре аласыз.



Тестілеу барысында күтпеген жағдайлар туындаған кезде (*ғаламтор байланысының жоғалуы, электр жарығының өшуі және басқалар*) және аталған жағдайлар дәлелденген жағдайда білім алушыға емтихан сессиясы аяқталған соң қосымша кестемен емтиханды қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі. Егер мәселелер 50 минут ішінде шешілсе, білім алушы тестілеуді жалғастыра алады.

Тестілеу кезінде білім алушы міндетті:

- Емтихан кезінде тек бір құралды (монитор, проектор), бір пернетақтаны, бір компьютер тінтуірін, бір планшетті, бір смартфонды және т.б. қолдануға;
- Тестілеу кезінде бөтен адамдармен сөйлеспеуге, кітаптарды, парақтарды, қағаз және электрондық түрдегі жазбаларды, ұялы телефондарды, калькуляторларды, планшеттерді пайдаланбауға, браузер қосымшаларын ашпауға;
- Егер емтихан басталар алдында немесе емтихан кезінде білім алушының кінәсінен емес ғаламтор байланысы үзілген жағдайда, емтихан қабылдаушыға (оқытушыға) қоңырау шалуға.
- Академиялық адалдық саясатын ұстануға;
- Этика ережелерін сақтауға.

Егер емтиханға қатысу мүмкін болмаса, білім алушы емтиханға кемінде бір күн қалғанда оқытушыға, Офис тіркеушіге, эдвайзерге ескертуі қажет. Емтиханға себепсіз қатыспау білім алушының емтиханын жазғы семестрге ауыстыруына себеп болып табылады.

2. Ауызша емтихан түрлерін өткізу тәртібі

Емтиханға дайындалу үшін білім алушы оқытушыдан алдын-ала емтихан сұрақтарының тізімін және қажетті әдебиет тізімін алады.

Емтихан нақты уақыт режимінде Free conference.com, ZOOM, Skype, Microsofteams, Messenger Room және т.б. конференциялар өткізу жүйесінде өткізіледі. Бейне жазылады. Білім алушы сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын пайдаланады;

Билет нөмірін бөлу және тарату кездейсоқ сандар әдісімен анықталады;

Онлайн емтиханға бір уақытта 10 білім алушы жіберіледі. Дайындық уақыты - 20 минут;

Емтихан қабылдаушы жауаптарды білім алушылардың білімін бағалау критерийлері негізінде бағалайды және балдарын "Platonus"ААЖ-не қояды.

Білім алушы міндетті:

- Емтихан өткізу ережелерін сақтауға;
- Нақты, айқын жауап беруге;
- Академиялық адалдық саясатын ұстануға;

- Этика ережелерін сақтауға.

Академиялық нормаларды (*көшіру, кеңестерді пайдалану және басқалары*) бұзған білім алушының емтихан нәтижелері жойылады.

Емтиханға қатысу мүмкін болмаған жағдайда білім алушы емтиханға дейін кемінде бір күн бұрын оқытушыны хабардар етуге міндетті. Емтиханға себепсіз қатыспау білім алушының емтиханын жазғы семестрге ауыстыруына себеп болып табылады.

3. «Жиынтық бағалау» әдісі бойынша емтихандарды өткізу тәртібі

Қашықтан оқыту технологиялары арқылы білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау мүмкін емес жағдайларда (мысалы, білім беру ресурстарына қол жетімділіктің болмауы, университеттің практикалық базасында ғана орындалатын емтихан, кейбір пәндердің ерекшелігі, егер білім алушыда жеткілікті техникалық құралдар және Интернетке қол жетімділік болмаса) университет емтиханды жиынтық бағамен алмастыра алады.

Емтихан «Жиынтық бағалаумен» алмастырылған пән бойынша қорытынды баға ағымдағы академиялық кезең барысында ағымдағы және (немесе) межелік бақылау тапсырмаларын орындауда алған балдарының орташа мәні ретінде анықталады

Емтиханды «Жиынтық бағалаумен» ауыстыру университет ректорының шешімімен білім алушының өтініші негізінде жүзеге асырылады.

4. Білім алушылардың білімін бағалау критерийлері

1. Ауызша емтихан түрін бағалау кезінде келесідей критерийлер ескеріледі:

- Оқылатын пәндік саланың негізгі үрдістерін білу, сұрақты ашудың тереңдігі мен толықтығы;
- Құбылыстарды, оқиғаларды, үрдістерді түсіндіре білу, қорытынды және талдау жасау, негізделген жауаптар беру;
- Ғылымның белгілі бір саласыда талдау жасай білу;
- Жауаптың қисындылығы мен кезектілігі, қойылған сұрақтарға жауап бере білуі, талданатын мәселе бойынша өз пікірін айта білу.

2. Қорытынды бақылаудың бекітілген бағалау критерийлері пән силлабусында көрсетілуі шарт.

3. Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімдері, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттіліктері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйеге және дәстүрлі жүйедегі бағаларға сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша (оң бағалар "A"-дан "D"-ға дейін азаю арқылы және "қанағаттанарлықсыз" - "FX", "F") балдармен бағаланады.

4. Барлық бақылау түрлері бойынша білім алушылардың білімдері, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттіліктері пропорционалдық қатынастағы балды-рейтингті әріптік жүйе бағаларымен анықталады.

5. Техникалық қолдау

Техникалық қолдау ақпараттық технологиялар орталығымен жүзеге асырылады:

- Оқу порталының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету;
- Оқытушы ұсынған тестілік сұрақтарды жинақтау;
- Емтихандарды on-line жазу;
- Барлық техникалық ақауларды тіркеу;
- Баға қою үшін "Platonus"ААЖ-ң жұмысын қамтамасыз ету.